

БЕКІТЕМІН  
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан  
аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ  
басқарма төрағасы - ректор

  
А.М. Наметов  
«04» 09. 2020 ж.

БӨЛІМ ЕРЕЖЕСІ

## ИНСТИТУТ ТУРАЛЫ

СМЖ.07.БЕ.03

№ 04 басылым  
№ \_\_\_\_\_ дана

Дайындалды: 04.09.2020ж Губашев Н.М. 	Келісілді: 02.09.2020ж Таубаев Ө.Б.  Адмагамбетова М.Ж.  Ихсанов Е.Б.  Таскалиев Е.К. 	Енгізілді: 04.09.2020ж Орнына СМЖ.05.БЕ.03 01.10.2015ж. Қайта қаралуы: 04.09.2023ж
---	--	--

**Мазмұны:**

1. Жалпы ережелер
2. Құрылымы мен штаты
3. Мақсаты мен негізгі міндеттері
4. Қызметтері
5. Құқықтары
6. Жұмысты ұйымдастыруы
7. Басқа бөлімшелермен өзара қарым-қатынасы
8. Жауапкершілігі
9. Сілтемелер

Өзгертулер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

## **1. Жалпы ережелер**

1.1.Бұл «Институт туралы ереже» (бұдан әрі–Ереже) Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің (бұдан әрі-Университет) ҚР «Білім туралы», «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» (30.10.2018 ж. ҚР БҒМ №595 бұйрығымен бекітілген) негізінде дайындалған ішкі құжаты болып табылады;

1.2. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» -да (30.10.2018 ж. ҚР БҒМ №595 бұйрығымен бекітілген) қарастырылмаған институттің қызметін ұйымдастырумен байланысты мәселелерді Университеттің әкімшілігі ҚР БҒМ нормативтік құжаттары және Университеттің Жарғысы негізінде шешеді;

1.3.Ереже Басқарма төрағасы - ректор бекіткеннен бастап Университетте күшіне енеді. Бұл Ереженің Университеттің барлық институттері үшін күші бар;

1.4.Институт Университеттің бір немесе бірнеше мамандықтар бойынша білім беруді жүзеге асыратын оқу, ғылыми және әкімшілік құрылымдық бөлімшесі болып табылады, сонымен қатар институттің мамандықтарына қатысты жоғары мектептердің ғылыми зерттеу жұмыстары мен зертханаларды біріктіреді;

1.5.Институт Ғылыми Кеңестің шешімі негізінде ректордың бұйрығымен құрылады және таратылады;

1.6.Институт өз қызметінде ҚР-ның «Білім туралы», «Ғылым туралы» заңдарын, ҚР БҒМ 30.10.2018 ж. №595 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» және басқа да нормативтік құқықтық актілерін, Университеттің Жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады;

1.7.Институт дербес заңды тұлға болып табылмайды, Университеттің құрылымына кіреді, оның меншігін қолданылады және өз қызметін Университеттің Жарғысы мен Ішкі тәртіп ережесіне сәйкес ұйымдастырады. Ректордың бұйрығы мен Ғылыми Кеңестің шешімдері институттің барлық қызметі үшін орындалуы міндетті;

1.8.Институт құрамына енген мамандықтарға қатысты барлық жоғары мектептер мен зертханаларды, сонымен қатар өзінің жұмысының мазмұны бойынша институттің бейініне жақын жалпы білім беретін жоғары мектептерді біріктіреді.

## **2. Құрылымы мен штаты**

2.1.Институттің құрамына негізгі құрылымдық бірлік ретінде өз алдына институттің бағыты мен мамандықтары бойынша оқу процесін қамтамасыз ететін және ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізетін жоғары мектептер, зертханалар мен кабинеттер, сонымен қатар қоғамдық ұйымдар кіреді ( студенттік,ғылыми қоғамдар және т.б.) ;

2.2.Институттің негізгі оқу ғылыми құрылымдық бөлімі болып өзінің статусы бойынша оқу, әдістемелік, ғылыми зерттеу, кәсіби бағдар беру, тәрбие жұмыстарын жүзеге асыратын жоғары мектеп табылады;

2.3.Институтке оқу ғимараттардың аудандары бекітіледі;

2.4.Университеттің институт штаты мына лауазымдарды кірістіреді:

- институт директоры;
- директор орынбасары;

2.5.Институтті ғылыми дәрежесі мен атағы бар директор басқарады;

2.6.Директор лауазымына ректордың бұйрығымен тағайындалады және жұмыстан босатылады. Институт директорының лауазымдық міндеттерін лауазымдық нұсқаулығы мен нормативтік – құқықтық актілері анықтайды;

2.7.Институт директоры болмаған жағдайда міндетін уақытша оның орынбасары атқарады. Директор орынбасарының лауазымдық міндеттері лауазымдық нұсқаулықпен анықталынады;

2.8.Институтты алқалық басқарудың жоғары мүшесі болып жоғары мектеп меңгерушілерінен, ПОҚ өкілдері құрамынан, институт студенттері мен басқа да тұлғалардан құралатын институт Кеңесі табылады. Институт Кеңесінің төрағасы болып институт директоры табылады;

2.9.Институт Кеңесінің міндеттері, қызметтері мен ұйымдық құрылымы Институт Кеңесі туралы ережемен анықталынады;

2.10.Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мақсатында институтте әдістемелік кеңес құрылады және оны институттің оқу-әдістемелік бюросының төрағасы басқарады;

2.11.Білім алушыларды даярлау сапасын арттыру бопында жалпы мақсатқа қол жеткізу үшін оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша институтте комитет құрылады. Комитеттің жұмысын институттің Комитет кеңесі реттейді.

### **3. Мақсаттары мен негізгі міндеттері**

3.1.Кәсіби білімді жалпы мәдениет пен азаматтылықты біріктірген жоғары білікті мамандарды даярлауды ұйымдастыру;

3.2.Негізгі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізуді ұйымдастыру; ғылыми білімді тарату және насихаттау;

3.3.Институттің білім алушылары арасында тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру;

3.4.Оқытудың біріккен үздіксіз үрдісі және ғылыми зерттеулер негізінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру арқылы жеке тұлғаның интеллектуалды, мәдени және адами дамуына деген қажеттілігін қанағаттандыру;

3.5.Қолданыстағы нормативтік актілерге сәйкес іс жүргізуді ұйымдастыру және жүргізу.

### **4. Қызметтері**

4.1.ҚР заңнамалық нормаларына және Университеттің Жарғысына, ішкі нормативтік инструктивтік құжаттарға сәйкес білім беру процесін, ғылыми, тәрбие және басқа да қызметтерді жүзеге асырады;

4.2.Институттің және оның құрылымдық бөлімдерінің жұмысын жоспарлайды, олардың қызметін бағалайды және мониторинг жүргізеді;

4.3.Мамандарды күндізгі, кешкі, сырттай және қашықтықтан оқыту формалары бойынша дайындауды жүзеге асырады;

4.4.Оқу-тәрбие процесін Университеттің МЖМБС негізінде дайындалған жұмыс оқу жоспарларына, бағдарламаларына, оқытудың әртүрлі формалары бойынша оқу сабақтарының кестесіне сәйкес ұйымдастырады;

4.5.Университеттің бекітілген тәртібі бойынша мамандықтар бейіні мен тілдік бөліміне сәйкес топтар (лектер) қалыптастыру арқылы білім алушылардың оқу сабақтарын ұйымдастырады;

4.6.Білім алушыларға оқу процесін мақсатты бағыттап ұйымдастыру, оқытудың технологиясын, әдісін, формалары мен құралдарын таңдау арқылы жоғары кәсіби білім берудің білім беру бағдарламаларын меңгеруге жағдай жасайды;

4.7.Білім алушылардың сабаққа қатысуын, үлгерімін аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттауды жүзеге асыру арқылы білім беру бағдарламаларын (соның ішінде қысқартылған жеделдетілген мерзім бағдарламасы бойынша) меңгеру сапасын жүйелі бағалайды. Білім алушылардың сабаққа қатысуы мен үлгерімін ағымдық, аралық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау ҚР БҒМ нормативтік құжаттары және Университеттің ішкі құжаттарымен бекітіледі;

4.8. Өз қызметінің нәтижесі туралы оперативті және ағымды есепті жүзеге асыралы және сәйкес нормативтік актілермен анықталған есеп берудің барлық түрлерін бекітілген мерзімде ұсынады;

4.9. Профессорлық-оқытушылық құрам мен қосымша персоналдардың, институттің құрылымдық бөлімдері басшыларының штатын қалыптастыру бойынша кадрлық және олардың кәсіби құзіреттілігін үнемі арттыру саясаттарын жүргізеді;

4.10. Университеттің Ғылыми Кеңесіне, ректор мен проректорларға университеттің білім беру, ғылыми-зерттеу, инновациялық, әлеуметтік-тәрбие, кадрлық саясатын жетілдіру бойынша ұсыныстар даярлайды;

4.11. Институттің білім беру қызметін ұйымдастырады және бақылайды;

4.12. Институтке қарасты жоғары мектептардың әдістемелік жұмысын ұйымдастырады және жетілдіреді;

4.13. Түлектерді даярлау сапасын олардың қорытынды аттестаттау нәтижесі бойынша талдайды;

4.14. Университеттің практика және түлектерді еңбекке орналастыру бөлімімен бірге институтке қатысты мамандықтарға қажеттілік туралы мәліметтер банкін қалыптастыру арқылы түлектерді алдын-ала бөлуді және еңбекке орналастыруды жүзеге асырады;

4.15. Институттің мектептермен, колледждермен, жұмыс берушілермен, базалық ұйымдармен жұмысын реттейді;

4.16. Институттің жоғары мектептердегі ғылыми зерттеу жұмыстарын, білім алушылардың ҒЗЖ, олимпиадалар мен сайыстарды ұйымдастыруды және бақылайды;

4.17. Спорттық, мәдени-көпшілік және білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру бойынша жұмыстарды ұйымдастырады;

4.18. Институттің мамандықтары бойынша жыл бойы кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастырады және жүзеге асырады.

## **5. Құқықтары**

5.1. Институт алдына қойған міндеттерді шешуде келесілерге құқылы:

5.1.1. Университеттің Жарғысы және басқа да жалпы университеттік нормативтік актілер негізінде қажетті шешімдерді қабылдау, сонымен қатар университеттің басқа да басқару органына қатынасы жоқ және қолданыстағы заңнамаларға қайшы келмейтін іс-әрекеттерді жүзеге асыруға;

5.1.2. Институттің ұйымдық құрылымы мен штаттық кестесін дайындауға және бекітуге ұсынуға;

5.1.3. Институттің штатындағы қызметкерлердің лауазымдық нұсқауларын даярлауға және бекітуге ұсынуға;

5.1.4. Қолданыстағы заңнамаларға сәйкес оқу-өндірістік үрдіс және ғылыми зерттеулермен байланысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға;

5.1.5. Сәйкес жеке еңбек шартымен оқу және басқа да қызметтерін жүргізу мақсатында университеттен тыс ғалымдар мен мамандарды бекітілген тәртіпте шақыртуға;

5.1.6. Ұжымға немесе әрбір қызметкерлерге жұмыс нәтижесі бойынша үстем ақы, сый ақы және басқа да материалдық жігерлендіру құралдары туралы ректорға ұсыныс беруге;

5.1.7. Жоғары мектептің және басқа да құрылымдық бөлімдерінің негізгі жұмыс бағытын анықтайтын факультеттің даму және қызмет ету бағдарламасын даярлауға;

5.1.8. Институттің барлық ПОҚ мен қызметкерлерінен және білім алушылардан университеттің Жарғысы мен Ішкі тәртіп ережесіндегі талаптардың орындалуын талап етуге.

5.2.Институт келесілерге жауапты:

5.2.1.Институттің барлық қызметтерін жоспарлауға;

5.2.2.Институттің жоғары мектептердің, құрылымдық бөлімдерінің есеп беру құжаттарын уақытылы даярлауға;

5.2.3. Директораттың, жоғары мектептер мен зертханалардың жұмысын, оқу процесін ұйымдастыру мен ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізудің нормативтік, оқу-әдістемелік құжаттары мен материалдарын даярлауға;

5.2.4.Білім алушылар контингентін қалыптастыруға;

5.2.5.Білім алушылардың үлгерімін, сабаққа қатысуын бақылауды жүзеге асыруға және осы көрсеткіштерді талдауға;

5.2.6.Оқу процесінің академиялық кестесін орындауға;

5.2.7.Оқу және кәсіби практикаларды ұйымдастыруға.

5.3.Институттің ПОҚ құқықтары мен жауапкершіліктері лауазымдық нұсқаулықтары мен университет Жарғысымен анықталынады;

5.4. Білім алушылардың құқықтары мен жауапкершіліктері университеттің Жарғысы және Ішкі тәртіп ережесімен анықталынады.

## **6. Жұмысты ұйымдастыруы**

6.1.Институт өз қызметін осы ереже, сапа және экология саласындағы саясатты жүзеге асыру бойынша университеттің басымды және жылдық жоспарлары, институттің жылдық жоспары негізінде жүзеге асырады және өз қызметі туралы Ғылыми және оқу-әдістемелік кеңестерде, ректораттың отырысында есеп береді;

6.2.Институт құрамындағы құрылымдық бөлімдер мен олардың қызметкерлері армында міндеттердің бөлу лауазымдық нұсқаулар негізінде жүзеге асырылады;

6.3.Институт жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру кезінде институттің ағымдағы жылдың жағдайы негізінде стратегиялық даму мәселелері ескеріледі;

6.4.Институт жұмысы институттің жоғары мектептері және құрылымдық бөлімдерінің статистикалық және аналитикалық есептері, институттің жылдық есебі негізінде хаттамаланады және талданады;

6.5.Институттің құжатнамасын жүргізу және сақтау тәртібі университеттің сапа менеджмент жүйесі мен сәйкес номенклатуралық іс арқылы анықталынады.

## **7. Басқа бөлімшелермен өзара қарым-қатынасы**

7.1.Институт өз қызметінде университеттің барлық құрылымдық бөлімдерімен, сонымен қатар басқа да ЖОО институттерімен өзара қызметтеседі.

## **8. Жауапкершілігі**

8.1. Институт келесілерге жауапты:

8.1.1.Институттің барлық қызметін жоспарлауға;

8.1.2.Институттің жоғары мектептерінің, құрылымдық бөлімдерінің есеп беру құжаттарын уақытылы даярлауға;

8.1.3.Директораттың жоғары мектептер мен зертханалардың жұмысын, оқу процесін ұйымдастыру мен ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізудің нормативтік, оқу-әдістемелік құжаттары мен материалдарын даярлауға;

8.1.4.Білім алушылар контингентін қалыптастыруға;

8.1.5.Білім алушылардың үлгерімін, сабаққа қатысуын бақылауды жүзеге асыруға және сол көрсеткіштерді талдауға;

- 8.1.6. Оқу процесінің академиялық кестесін орындауға;
- 8.1.7. Оқу және кәсіби практикаларды ұйымдастыруға;
- 8.2. Институттің ПОҚ құқықтары мен жауапкершіліктері лауазымдық нұсқаулықтары мен университет Жарғысымен анықталынады;
- 8.3. Білім алушылардың құқықтары мен жауапкершіліктері университеттің Жарғысы және Ішкі тәртіп ережесімен анықталынады.

## 9. Сілтемелер

- ҚР «Білім туралы» Заңы 27.07.2007 ж. № 319;
- ҚР «Ғылым туралы» заңы 8 ақпан 2011 ж. № 407-IV;
- ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015 ж. № 410 - V;
- ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015 ж. № 414-V;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылдың 30 қазанындағы №595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылдың 31 қазанындағы №604 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- ҚР Білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 27.12.2019 ж., № 988;
- ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар;
- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылдың 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген Оқу процесін оқытудың кредиттік технологиясын ұйымдастыру ережесі;
- СМЖ.08.ҚЕ.06. Университеттің ішкі тәртіп ережелері;
- Жәңгір хан атындағы БҚАТУ Жарғысы;

